

№ 6  
дәріс

### 6-дәріс тақырыбы:

**Зерттеулердің ұйымдастырушы-әдіснамалық негіздері. Педагогикалық зерттеу әдістері. Педагогикалық эксперимент.**

*Жоспары:*

3.1. Зерттеулердің ұйымдастырушы-әдіснамалық негіздері:

3.2. Оқытудың дидактикалық принциптерінің мән-мағынасы.

6.3. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері.

*Тезистері:*

6.1. Зерттеулердің ұйымдастырушы-әдіснамалық негіздері:

ғылыми зерттеуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар, проблеманы белгілеу, зерттеудің негізгі міндеттерін анықтау, зерттеу әдістемесі бойынша бағдарлама құру. Ғылыми фактілерді жинақтау мен өңдеу. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеу мен теориялық тұрғыда негіздеу. Педагогикалық зерттеу әдістері. Химиялық білім беру проблемаларын зерттеуде жалпығылыми әдістерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері. Педагогикалық экспериментті жоспарлау. Эксперименттік зерттеу нәтижелерін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері.

6.2. Оқытудың дидактикалық принциптерінің мән-мағынасы.

Дидактикалық принциптер – педагогикалық категория. «Принцип» терминінің этимологиясы. Ғалымдардың (Т.А. Ильина, Г.И. Щукина т.б.) «принцип» ұғымы жөніндегі тұжырымдары. Дидактикалық принциптердің түрлері: ғылымилық, түсінікті болу, жүйелілік, сабақтастық, көрнектілік, білімді берік меңгеру, оқытудағы саналылық, теория мен практиканың байланысы, оқытудың тәрбиелілік және дамытушылық принциптері. Дидактикалық принциптердің өзара байланыста, бірлікте пайдаланудың маңызы. Дидактикалық принциптердің әдістемелік принциптермен байланыста пайдаланылуы: зат және оның айналымы; органикалық дүниенің тарихи дамуы және бірлігі; заттың химиялық және физикалық құбылыстары мен процестерінің арасындағы себеп-салдар байланысы т.б.

6.3. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері.

*Оқытудың ғылымилық принципі.* Химияның ғылымда қабылданған деректер, ұғымдар, заңдар мен теорияларға сүйеніп оқытылуы. Оқытудың ғылымилық принципінің тек оқулық мазмұнында ғана емес, ОӘК-лерде, білімді тексеру мен бақылауға арналған өзге де құралдарда сақталу керектігі. Пәнді оқыту әдістемесінің ғылымның дамуына қарай өзгеруі. Кешенді химия ғылымын мектепте оқыту тәртібі, биология ғылымының кейбір бағыттарының таңдамалы (элективті) курстарға шығарылып оқыту қажеттілігі. Мектеп химиясын оқытуда биология ғылымының негіздерін, мазмұнын іріктеу, бейімдеп пайдалану. Осы кезде дидактикалық және әдістемелік принциптер бірлігін сақтаудың маңызы. Жалпы оқу-тәрбие беру процесінің ғылымилық принципке сәйкес құрылуы.

*Оқытудың тәрбиелік және дамытушылық принципі.* Тәрбиелеу мен дамытудың (мақсат, қызмет ретінде) педагогикалық процестегі бірлігі. К.Д. Ушинскийдің «Мектептің үш элементі» («Три элемента школы») атты еңбегі, оның маңызы. Оқытудың ғылым негіздерін берік әрі саналы игерудегі бағытаушы рөлі, осы қызметтің нәтижелілігіне оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, дамытудың әсері. Тәрбиелеудің үнемі мақсатты жүзеге асырылуының маңызы. Оқыту барысында тәрбиелеу мен дамыту жолдарының дұрыс анықталуы, жүзеге асырылуы.

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><i>Оқытудың түсінікті болу принципі.</i> Оқу материалы мазмұнының оқушылардың жас ерекшелігіне сай болуы. Оқытуда ғылымилық пен түсінікті болу принциптерінің сақталмауынан туындайтын жағымсыз жағдай, осы принциптерді қатар оңтайлы сақтаудың шарттары. Түсінікті болу принципінің оқулықта сақталуындағы мәтіндік және көрнекі әдістердің, әдістемелік аппараттың маңызы. Практикалық мысал: 8-сынып химиясындағы «Химиялық реакциялардың типтері» пәніндегі зат т.с.с. процестерді түсінудегі қиындықтар, оларды оқушылардың түсінуіне көмектесетін әдіс-тәсілдер. Түсінікті болу принципімен бірге ғылымилық және оқытудың қалған барлық принциптерін ескеру, бұл байланысты дұрыс түсіну, кешендіктің маңызы.</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|